

Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 шешімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 22 мамырда № 1-9-196 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 наурыздағы № 5С-35/2-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 03.03.2015 № 5С-35/2-15 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "отбасыларына (азаматтарына)" деген сөздердің алдында "аз қамтылған" деген сөздерімен толықтырылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес, Ерейментау ауданының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Ерейментау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 4С-42/9-11 «Ерейментау ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің № 1-9-

186 Тізілімінде тіркелген, аудандық «Ереймен» газетінде 2012 жылдың 04 ақпанында, аудандық «Ерейментау» газетінде 2012 жылдың 04 ақпанында жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ерейментау ауданының мәслихатының бюджет, қаржы, әлеуметтік-экономикалық даму, экология және ардагерлермен жұмыс мәселелері бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау аудандық
мәслихаты сессиясының *А.Сырымбетов*
төрағасы

Ерейментау аудандық
мәслихатының хатшысы *Қ.Махметов*
«КЕЛІСІЛДІ»

Ерейментау ауданының әкімі *Л.Ж.Дүйсенов*
Ерейментау аудандық мәслихатының
2012 жылғы 24 сәуірдегі
№ 5С-5/6-12 шешімімен
бекітілді

Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы № 512 Қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес құрастырылған.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі Қазақстан Республикасының азаматтарына, Ерейментау ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұтыну төлемінің шығынын жабу үшін берілетін өтем ұсынылады.

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін;

тұрғын үй меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігіндегі байланыс қызметтер;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2012.12.10 № 5С-9/3-12 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.03.2014 № 5С-24/6-14 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 № 5С-28/4-14 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемдері, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеу, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде) ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға отбасының (азаматтардың) бір тоқсанда тұтыну төлемінің шекті шығын үлесі, алдыңғы тоқсанда тұрғын үй көмегіне өтініш беріліп, жалпы табысының 10 % шамасында белгіленеді.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2014 № 5С-24/6-14 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.06.2014 № 5С-28/4-14 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Өтем шараларымен қамсыздандырылатын тұрғын үй алаңының мөлшері ретінде бір адамға 18 шаршы метрден белгіленеді. Жалғыз тұратын азаматтарға өтем шараларымен қамсыздандырылатын тұрғын үй алаңының нормасы 30 шаршы метр болып белгіленеді, алайда бір бөлмелі пәтер алаңынан кем болмауы т и і с .

Коммуналдық қызметті (сумен жабдықтау, газ, канализация, жылу энергиясы, электрмен жабдықтау, қоқыс) тұтыну нормативтері іс жүзінде тұтынылған шамаға қарай, алайда нормативтік құжаттарға сәйкестелетін (құрылыс нормалары мен ережелері) шекті шамалардан асырылмайтын деңгейде белгіленген. Электро қуатты тұтыну нормасы тұтынылған шамаға қарай белгіленеді, бірақ отбасы құрамында бір адамнан үш адамға дейін 150 (жүз елу) киловатт көп емес, төрт адамнан және одан да көп 200 (екі жүз) киловаттқа дейін. Тұрғын үйдің газбен жабдықталмағаны және тамақ дайындау үшін электр тұрмыстық плиталары қолданылатыны жөніндегі тиісті құжат болғанда, белгіленген нормативтерден асқан электр қуатына төленетін төлем, тұрғын үй көмегін алушылардың өтініші бойынша газбен жабдықтау үшін төленетін төлемнің есебіне есептеледі, бірақ газбен жабдықтаудың белгіленген тұтыну нормалары мен тарифтері шегінде жүргізіледі.

Газды пайдалану нормасы – 1 адамға айына 8 килограмм.

4. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган «Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

5. Телекоммуникация желілерінің абоненттеріне (бұдан әрі – абонент) телефонның абоненттік төлем тарифтерінің өтемін, телефонның абоненттік төлемінің ұлғайған айырмасын тұрғын үй күтімі мен коммуналды қызметті тұтынуға арналған шығын сомасына енгізу арқылы беріледі.

Тұрғын үй жәрдемінің мөлшері, абоненттік тариф төлемінің өсімінің айырмасы абоненттік телефон төлемінен аспауы керек.

Ескерту. 5 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.06.2014 № 5С-28/4-14 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Тұрғын үй жәрдемінің тағайындалуы

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;
- 5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;
- 6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
- 7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Ескерту. 6 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.06.2014 № 5С-28/4-14 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Уәкілетті орган өтініш берушіден құжат қабылданған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қарастырып тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімі шығарады.

8. Тұрғын үй көмегі меншігінде бір бірліктен көп тұрғын үйі (пәтер, үй) немесе тұрғын үйін жалға беретін, сондай-ақ еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскер қатарында емес және «Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар аз қамтылған отбасылардан (күтім көрсетуге мұқтаж адамдардың күтімін жүзеге асыратын азаматтардан басқалары) басқа аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) әр тоқсан сайын тағайындалады.

Ескерту. 8 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Уәкілетті орган телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен

байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстары, шекті жол берілген шығыстар үлесінен аспаған жағдайда тұрғын үй көмегін көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 5С-13/6-13 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Ұсынылған ақпараттың сенімділігіне күдік туындаған жағдайда уәкілетті орган тексеріс жүргізуге өкілетті органдарға жібереді. Уәкілетті орган заңсыз немесе жоғары тұрғын үй көмегін тағайындалуына әкелген әдейі жалған мәліметтер берілсе, заңсыз тағайындалған соманы меншік иесі (жалға алушы) өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда сот арқылы қайтарылады.

11. Тұрғын үй көмегін алушылар он күннің ішінде уәкілетті органды отбасы құрамының және отбасының біріккен табысының өзгерістері туралы мәлімдейді. Ақпараттың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемінен үмітті тұлғаның табысы туралы ақпарат сұратуға құқылы.

12. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлемдер түрінде іске асырылады. Тұрғын үй көмегінің төлемдері ай сайын бюджеттік қаражатты бөлу бойынша уәкілетті органның қаржыландыру шамасына сай жүргізіледі. Тұрғын үй көмегі төлемдері екінші деңгейдегі Банктер арқылы уәкілетті органмен жүргізіледі. Төлемдер алушының жазбаша өтініші бойынша қызмет көрсетуші мекеменің шотына аударылады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер аз қамтылған азаматтың (отбасының) жиынтық кірісін есептеу

13. «Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін алуға үміткер аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» Бұйрығы негізінде есептейді.